

## КӨЗКӨРГЕН

Жуықта мені Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев ағаның 60-жылдық торқалы тойына басылып шығатын кітапқа мақала жазуымды сұрағанда мен шын көңіліммен оны жазуға дайын екенімді білдірдім. Бірақ бұл тапсырманың ауыр екенін мақаланы жазуға келгенде ғана түсіндім.

Кенжеғали ағаның он жастай үлкендігі болғанымен замандас бо-луының өзі осы мәселені қиынға түсірді. Әр адамның өмірінде нағыз сүйсіну сезіміне бөленуге жеткізетін адамдармен араласу, кездесулер болады. Менің Кенжеғали ағаны бірінші көруім, ол кісімен сырттай танысуым 1989 жылы Мәскеуде болды. Сол жылдың күзінде Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауылшаруашылық Ғылым Академиясы (ВАСХНИЛ) биотехнологияның ғылыми мәселелеріне арналған семи-нар - кеңес өткізді. Бұл семинарға Кеңес Одағының әр жерлерінен ғалымдар қатынасып, биотехнологияны дамытудың өзекті проблема-лары талқыланды.

Сол семинардың жұмысына Ақмола ауылшаруашылық институтының ректоры Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев қатысты. Кенжеғали ағаның сол кезде Республикада биотехнологияның дамуына айтарлықтай көңіл бөліп, Ақмола ауылшаруашылық институтында биотехнология орталығының ашылуын ұйымдастырып жүрген кезі екен. Сол семинардың жұмысына қатысуға Қазақ мемлекеттік университетінің өкілдері болып биология факультетінің деканы ретінде мен және өсімдіктер физиологиясы және биохимиясы кафедрасының меңгерушісі профессор Избасар Рахымбаев екеуміз барған едік. Ол кезде Мәскеудегі Одақтық Жоғары Білім беру Министрлігінің "биология" мамандығы бойынша ғылыми-методикалық кеңес мүшесі болғандықтан Минвузға қызмет жағдайымен үнемі барып тұратынмын. Семинардың екінші күнгі таңертеңгі отырысынан кейін келесі отырысқа дейін бір сағаттай уақыт болғандықтан жедел метроға отырып Минвузға бір мәселелермен келсем, оның есігінен шығып бара жатқан Кенжеғали ағаны көріп, ағаның Минвуздағы барлық жұмыстарын, оның ішінде ғылымды дамытуға қаржы алу мәселесін бітіріп, қайтадан ВАСХНИЛ-ге семинарға бара жатқанын естігенімде қатты таңқалғаным бар еді. Отырыстан шыққанымызға небәрі 30-40 минуттай уақыт өткен еді. Ал Минвузда тіпті жәй мәселелердің шешілуінің оңай емес екенін алдында да естіп-біліп жүретінбіз.

Осы сапарда Кенжеғали аға Ақмоладағы Ауылшаруашылық институтында өзі ашқан биотехнология орталығында ғылыми жұмыстарды алға бастыру мақсатында Минвуздан көп қаржы алды. Сол жолы Кенжеғали ағаның ғылымның дамуына деген көзқарасы, жұмыс істеуге деген үлкен қабілеттілігі, таң қаларлық энергиясы маған сырттай ерекше әсер етіп еді.

Ақмоладағы, қазіргі мемлекетіміздің жаңа астанасындағы био-технологиялық орталық осы күнде де ғылыми жұмыстарын табысты жүргізіп жатыр. Оның жұмыстарының жемісті болуына сол кездегі алынған жаңа құрал-жабдықтар, приборлар көп өсер етуде деп ойлай-мын.

Менің Кенжеғали ағамен жақын танысуым ол кісінің Ұлттық Ғылым Академиясының президенті кезінде болды. Бас ғылыми хатшы, академик Сәбит Байзақұлы мені іздеттіріп кездесуге шақырыпты. "Кенжеғали Әбенұлы жақында ғана Америкадан қызмет сапарынан келді. Америкада биологияның кейбір жаңа бағыттарының өз ғасыры дәрежесіне сәйкес дамуының көп жетістіктерімен танысыпты. Сенің Ұлыбритания және Германия елдерінің алдыңғы қатардағы лаборато-рияларында ғылыми жұмыс істегенінді, ағылшын тілінде монография жазып

шығарғаныңды, ғылыми еңбектеріңнің американдық оқулыққа кіргенін естіп өзінмен жеке кездесуге шақырып отыр" - деді Сәкең те-лефонмен. Сол кездесуде Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, ҚазМУ-дың биология факультетінің көп жылдар бойы деканы болып істеген, микробиология кафедрасының меңгерушісі, профессор Майя Хажетдинқызы Шығаева екеуімізді шақырып Кенжекең бізбен көп уақыт әңгімелесті.

Майя Хажетдинқызы - микробиология және вирусология ғылымдарының қазіргі республикадағы дамуына байланысты өзінің ойларын ортаға салды. Мен де генетика ғылымының, оның ішінде мо-лекулалық генетика, гендік инженерия, молекулалық биология ғылымдарының өркеніетті батыс елдерінде өте үлкен деңгейде дамуын, ғылыми жетістіктердің, өнеркәсіптің әртүрлі аса маңызды салаларында, биотехнологияның да дамуында пайдаланылып жатқаны туралы көрген-білгенімді баяндап бердім. Кенжекең осы ғылымдардың біздің Республикамызда жақсы дамуын қалайтынын, қаржының тапшылығы болса да сол ғылымдарды алдыңғы деңгейге қойып дамыту жөніндегі өзінің ойларын айтты. Осы кездесуде Кенжеғали ағаның орасан зор эрудициясына, дүниеге көзқарасының кеңдігіне, көп мәселелерге мемлекеттік қайраткер ретінде қарайтыны мені тағы да бір рет таң қалдырды.

Осы әңгіменің аяғы Мәкең екеуіміздің сол ғылымдардың дамуы-ның бағыты туралы түсіндірме хат жазуымызбен аяқталды. Кенжеғали Әбенұлының тікелей қолдауының арқасында 1995 жылдың мамыр айында Ұлттық Ғылым Академиясының құрамында Жалпы генетика және цитология институты ашылды. Биологияның кейінгі кезде өте қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі - генетиканың маңызды мәселелерін зерттеуде бұл институттың келешектегі орны үлкен екендігіне мен қазір кәміл сенемін.

Тағы бір айта кететін жағдай - Кенжеғали Әбенұлының жас ғалымдарға деген көзқарасы. Творчестволық дарынды, ірі ғалымның рөлі пікірлестерін өзіне тарту, өзіне ертіп әкету болады. Осы деңгейден қарағанда Кенжеғали аға жас ғалымдардың творчестволық потенция-лының өсуіне жағдай жасап, олардың ғылыми жетістіктерге жетуіне сенімдерін нығайта білді.

Ұлттық Ғылым академиясының соңғы 1995 жылғы сайлауында әр салада нәтижелі жұмыс жасап жүрген көптеген жас ғалымдар Академияның корреспондент - мүшелері болып сайланды.

Кенжеғали аға туралы айтатын жақсы сөздер әлі де көп. Мен өз ойымды "Ұстаз жалғыз ғана сені оқытқан кісі емес, сен сол адамнан оқимын деген кісі" деп бітірер едім.

Қадірлі Кенжеғали аға! Торқалы тойыңыз құтты болсын, амансау болып, ғылымның талай биіктеріне талмай шыға беріңіз!

Рахметқажы БЕРСІМБАЕВ, биология ғылымының докторы, Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, Жалпы генетика және цитология институтының директоры